

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т. II, Ч.1.- С. 135-137.

ӘОК 57.071.72:581. 574 045

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ АУМАҒЫНДАҒЫ СОНАЛАРДЫҢ ФАУНАСЫ

*Жақсыжан Д., 2-курс студенті
Акимбекова А.Ф. аға оқытушы
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық
зерттеу университеті, Астана қ.*

Сона - кең тараған қос қанатты қансорғыш жәндіктердің ішіндегі ең ірісі. Олардың жануарларды жайылым жағдайында мазалауы айтарлықтай зиян тигізеді. Соналардың жаппай ұшу мерзімінде ірі қара малдың сүт өнімділігі 11-19% және жас төлдердің өсу –өнімділігі 25-40% төмендейді. Жаппай ұшу мерзімінде 15 минутта бір ірі қара малға 500-600 сона жабылады. Соңғы 20 жыл ішінде жер бетінде, соның ішінде Қазақстан аумағында климаттың өзгеруінен қосқанатты қансорғыштардың тіршілік ету жағдайларының, түрлерінің және соналардың жекелеген компоненттерінің өзгеруіне әкеліп соқтыруда. Соналар туляремия, топалаң, филярия, жылқының инфекциялық анемия, қарасан, су-ауру және анаплазмоз аурулары қоздырғыштарын тасымалдайды. Сона ауру малдар мен өлексеге қонып қан сорады. Сондықтан олар көптеген қауіпті аурулар қоздырғышын тасымалдайды. Жазда жануарлар арасында қараталық (жамандат), бруцеллез, ірі қара безноитиозының кең таралуы сона тіршілігімен байланысты. Аналықтары қан сору үшін бірнеше ондаған километрге дейін ұшып барады [1,2,3].

Қазақстанда туляремия және сібір жарасының тасымалдаушылары ретінде зерттелген. Ең алғаш Алматы обылысында сонаның туляремияны таратудағы және қоздырғышты сақтаудағы рөлі анықталды, кейіннен Шығыс Қазақстанда зерттеу жүргізу арқылы дәлелденді. Тұңғыш Қазақстандағы соналар фаунасы жайлы дерек 1937 жылы жарық көрді. Түрлік құрамында көбінен орманды, орманды-дала түрлері кездеседі. Зерттелген деректер бойынша Ертіс өзенінің орта ағысының өзіндік экстразоналық қоймасына байланысты оңтүстік және солтүстік түрлердің енуінен гетерогенді соналар фаунасы пайда болды [4,6,7,8].

Зерттеу мақсаты - Павлодар облысының аймағында кездесетін соналардың фаунасын анықтау негізінде жүргізілді. Осы мақсатты орындау үшін мынадай міндеттер қойылды: жеке далалық жиналымдар негізінде, коллекциялық және әдеби деректер негізінде аумақтағы соналардың түрлік құрамын талдау. Жұмыстың практикалық маңыздылығы-соналардың жаппай

түрлерін анықтау және олардың салыстырмалы саны мен жануарларға шабуыл жасау уақыты туралы мәліметтер алу.

Зерттеу материалдары мен әдістері: Соңалардың фаунасын анықтау үшін Павлодар облысы аумағында шаруашылықтардан жиналған соңалардың имаголары қолданылды. Стационарлы зерттеулер Сабындыкөл, Жасыбай, Торайғыр көлдерінің жазғы жайылымдарында, Баянауылдың таулы аймағында, Ертіс өзенінің қоймасында, демалыс орындарында, көл аумағындағы ауыл аймақтарда жүргізілді. Жәндіктердің түрлерін анықтау В.В.Шевченко мен Н. Г. Олсуфьевтің арнаулы анықтауыштары бойынша жүргізілді.

Зерттеу нәтижесі: Зерттеу аймағында соңалардың 9 түрі анықталды. Соңалардың еуропалық, түркістандық, жерорталық және моңғол фауналық элементтері кездестірілді. Ертіс өзенінің қоймасында және орманды-дала ландшафтында орманды және орманды-дала түрлері: *Tabanus bovinus*, *Tabanus autumnalis*, *Hubomitra cinreai*, *Tylostypia solstitialis*, *Hubomitra expollicata*, *Hubomitra fulvicorpa*, *Chrysops relictus*, *Haematopota subcylindrica*, *Chrysozona hispanica* басымдық көрсеткен.

Hubomitra fulvicorpa (s. str.) Isim. et Nurl. sp.n. - Сары денелі сона. Көздері қоңыр, жасыл дақтары көрінеді. Түктері қысқа, сары түсті, ақшыл сұр түсті түктері сирек орналасқан және әрең көрінетін жолақтары бар. Маңдай жолағы жалпақ, ұзындығы енінен 4-4, 5 есе асып түседі, сәл жоғарыға қарай ұлғайған, қоңыр дағы бар. Төменгі маңдай сүйелі жағал-сары, үшбұрышты, дөңес, бүйірлері көздің шетіне жетпейді. Ортаңғы сүйел тар ұршық пішінді, төменгі сүйелге жетеді. Көзше бұдырмағы сопақша, дөңес, қоңыр-сары, жылтыр. Маңдай үшбұрышы дөңес, қалың ашық қоңыр өңезде.

Мұртшаларын зерттеу. Мұртшалар: 1 және 2-буындар сары-сұр, сұр өңезде, үстіңгі жағында қысқа қара қылшық түктерде, 3-буын кең және қысқа, үшкір арқа тұсы шығыңқы, үстіңгі жағында қысқа қалың қылшықтармен жабылған; алдыңғы үстінен және соңына қарай күңгірт, негізінде ашық қоңыр, қалыңдау таяқша бар. Қармауыштарының шеткі буыны сарғыш-ақшыл, орташа қалыңдау, қара түктермен жабылған. Арқа жағы жалаңаш, қара-қоңыр, екі қысқа, жұқа сары-қоңыр жолақтары бар, негізінен қара түктермен жабылған.

Кеудесін зерттеу. Кеуде бөшекелері қалың, ұзын күміс-сұр түктерде. Ызылдағышы сары-қоңыр, басы қоңыр.

Аяқтарын зерттеу. Аяқтары: қоңыр-сары; алдыңғы жамбасы ұзын күміс-сары түктермен тығыз жабылған, ұшында сәл күңгірт; алдыңғы жіліншігі түбінде күңгірттеу келеді, сыртқы бөлігі ұзын сарғыш түкпен, ал ішкі жағы қысқа қылшық қара түктермен жабылған; аяқтың алғашқы буындарының бас бөлігі күңгірттеу, ал қалған бөлігі қара - қоңыр болады.

Қанаттарын зерттеу. Қанаттары сәл күңгірт, тамырлары қоңыр, өсіндісі жоқ.

Құрсағын зерттеу. Іші сәл сүйір, сары, жоғарғы жағында өте тар қара қоңыр ортаңғы жолақ бар (іштің енінің 1/6-1,7 бөлігі). Іштің соңғы үш

тергиті күңгірттелген. 2-ші және 3-ші тергиттің бүйірлері артқы жиегінде қалың, салыстырмалы түрде ұзын алтын түсті түктермен жабылған. Тергиттердің жоғарғы бөлігі сирек қысқа қара түктермен жабылған. Іштің төменгі жағы сары, соңғы 3 сақина қара түсті. Дене ұзындығы 15 мм. Қанат - 12 мм.

Систематикалық ерекшелігі: *Hybomitra End.* басқа түрлерінен денесінің түсімен ерекшеленеді. Құрсақ бөлігі ақшыл сары түсті және дәл ортасынан қоңыр түсті жолақ болады. Мандай жолағы мен мандай үшбұрышы қалың қоңыр түкпен қапталған. Көз төмпешігі дөңес келеді.

Баянауылдың таулы аймағында зерттеу жүргізілген деректер бойынша *Tabanidae* тұқымдастарына жататын қосқанатты қансорғыштардың 9 түрі анықталды. Соңалардың еуропалық, түркістандық, жерорталық және моңғол фауналық элементтері кездеседі. Орманды таулы аймағында фауналық орманды элементтер көп кездеседі. Орманды аймақтарда орманды мен тайгалы түрлері: *Hybomitra nitidifrons confiformes*, *Hybomitra bimaculata*, *Hybomitra montana morgani*, *Tabanus bromius*, *Haematopota pluvialis* кездеседі.

Ертіс аумағына қарағанда Баянауыл таулы аймағында соңалар түрі айтарлықтай толығырақ зерттелген. Баянауыл таулы аймағында сонаның *Tabanus*, *Hybomytra*, *Atylotus* тұқымдасының түрлері зерттелген. Кең таралған түріне *Tabanus* - 30,65%, *Hybomytra* - 30,65%, *Atylotus* - 19,35% жатады.

Соңғы уақытта Баянауыл таулы аймағының табиғи жағдайы антропогендік факторлар: ауыл шаруашылығының қарқында дамуы, демалыс орындарының аумағының кеңеюі, ормандағы өрт, гидрологиялық режимнің өзгеруі теріс әсерін тигізуде.

Осыған байланысты, сона шыбын-шіркейдің маңызды бөлшегі ретінде Қазақстанның көп бөлігінде зерттелген. Дегенмен, Ертіс маңында сонаның түр құрамы мен экологиясы толықтай зерттелмеген. Келтірілген ақпараттар Павлодар обласының соңалар фаунасы мен экологиясы толықтай зерттелмегенін көрсетеді.

Зерттеу нәтижесінде Павлодар облысының аумағындағы соңалардың келесі тұқымдарға жататыны анықталды: *Tabanidae*, *Chrysops*. Зерттелген аумақтарда соңалардың фаунасы климаттық ерекшеліктерге байланысты.

Қолданылған әдебиеттер

1 Есимбек Ж.М. Арахноэнтомология.[Текст]/ Есимбек Ж.М.,- Новосибирск, 2002. -123 с.

2 Синельщиков В.А. О слепнях среднего течения реки Иртыша[Текст]/ Синельщиков В.А .,Тр. Ин-та зоологии АН КазССР: Изд-во АН КазССР, - 1962. Т. XVIII. - С. 241-253.

3 Шевченко В.В. Слепни Казахстана Алма-Ата, Наука,[Текст]/ Шевченко В.В. 1961. -327с.

4 Алиханов.Ш.А.Кровососущие двукрылые (Diptera Culicidae, Ceratopogonidae, Simullidae, Tabanidae) Каркаралинского и Баянаульского

горно-лесных массивов,[Текст]/ Алиханов.Ш.А. , Автореф.канд.дисс.Алма-Ата,-1989-25с.

5 Нарчук Э.П. Определитель семейство двукрылых насекомых фауны России и сопредельных стран,[Текст]/ Нарчук Э.П. ,СПб.:Зоологический институт РАН,2003. - 250 с.

6 White D.M., Studies on overwintering of bluetongue viruses in insects, [Text]/White D.M.,Wilson W.C.,Beaty B.J., J.Gen.Virol. 2005.6:453-462(doi 10.1099/vir.0.80290-0).

7 Чанг-Б Чжан. Эффекты воздействия УФА на долговечность и воспроизводства в Совка хлопковая и на развитие его F 1 поколения ,[Текст]/ Чанг-Б Чжан ,Цзянь-Ю Менг, Сяо-Пин Ван, Фен Чжу и Чжао Лян Лей ., Insect Sceince, том 18, выпуск 6, декабрь 2011 г., стр. 697-702

8 Исимбеков Ж.М., Фауна слепней (Diptera, Tabanidae) Баянаульского горно-лесного массива ,[Текст]/ Исимбеков Ж.М., Нурлина А.Б., Материалы международной науч.-прак. конф-ии «Паразитология: современное состояние изученности, актуальные проблемы и пути решения». - Семей, 2006. - С. 181-184.